

**Тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қолданыстағы кезеңде табиғи монополия субъектілерінің барлық тұтынушыларға ұсынылған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) төмендету ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 20 ақпандағы N 46-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 наурызда тіркелді. Тіркеу N 2215. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің 2005 жылғы 19 наурыздағы N 91-НҚ (V053530) бұйрығымен.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-1) тармақшасын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қолданыстағы кезеңде табиғи монополия субъектілерінің барлық тұтынушыларға ұсынылған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) төмендету ережесі бекітілсін.

2. Әкімшілік жұмысы департаменті (А.Т.Шабдарбаев):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін;

2) осы бұйрықты ресми бұқаралық ақпарат құралдарында белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары А.Р.Ойнаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Т ө р а ғ а н ы ң*

*міндетін атқарушы*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
Т а б и ғ и            м о н о п о л и я л а р д ы            р е т т е у  
ж ә н е            б ә с е к е л е с т і к т і            қ о р ғ а у  
ж ө н і н д е г і            а г е н т т і г і н і ң  
2 0 0 3            ж ы л ғ ы            2 0            а қ п а н д а ғ ы  
N            4 6 - Н Қ            б ұ й р ы ғ ы н а  
қ о с ы м ш а

**Тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қолданыстағы кезеңде табиғи монополия субъектілерінің барлық тұтынушыларға ұсынылған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) төмендету ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қолданыстағы кезеңде табиғи монополия субъектілерінің барлық тұтынушыларға ұсынылған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) төмендету жөніндегі осы ереже "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және Тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қолданыстағы кезеңде табиғи монополия субъектілерінің (бұдан әрі - субъектілер) барлық тұтынушыларға ұсынылған қызметтер (тауарлар, жұмыстар) (бұдан әрі - қызметтер) үшін тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) төмендету тәртібін белгілейді.

### **2. Тарифтердің қолданыстағы кезеңінде субъектілердің барлық тұтынушыларына көрсетілетін қызметтердің тарифтерін төмендету тәртібі**

2. Барлық тұтынушыларға көрсетілетін қызметтерге төмендетілген тариф қызметтер көрсетуге қажетті шығыстар құнынан төмен болмауы тиіс және субъектінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайданы алу мүмкіндігін ескеруі қажет. Сонымен бірге тарифтерді төмендету мынадай жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- 1) көрсетілетін немесе өндірілетін қызметтердің көлемдерін ұлғайту;
- 2) субъектінің нақты шығындарын, негізгі құралдардың құнын өсіруге алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеуге және басқа жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалған шығындарды, заңда белгіленген тәртіппен бекітілген және келісілген инвестициялық жобаны жүзеге асыруға шығындарды қоспағанда қысқарту;
- 3) субъект "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген қызметті жүзеге асырушы субъектілер үшін белгіленетін көтерме тұтынушыларға арналған босату тарифтері құрылымына сату мақсатында сатып алған тауарға (өнімге) бағаны кеміту жағына өзгерту;
- 4) субъектілердің табиғи монополиялар туралы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес субъектілер жүзеге асыратын қызметтердің өзге де түрлерінен едәуір табыстар алу.

### **3. Тарифтерді төмендету:**

- 1) тарифтерді жоғарылату үшін кейіннен тарифтерді қарауға өтінімдер берген кезде негіз болмауы;

2) инвестициялық жобаның орындалмауына негіз болмауы;  
3) сапаны төмендету, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің мөлшерін ш е к т е у г е ;

4) тұтынушыларды теңсіздік жағдайына қоюға немесе өзге түрде олардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға негіз болмауы тиісті.

4. Субъектінің барлық тұтынушыларына көрсетілетін қызметтердің тарифтерін төмендету туралы шешімі тарифтерді қолдану кезінде субъектінің бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5. Көрсетілетін қызметтердің тарифтерін белгілі бір мерзімге төмендету туралы шешімді бекіткен кезде мерзімді Субъектінің бұйрығында көрсету қажет.

6. Субъект барлық тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің тарифтерін төмендетуді енгізгенге дейін 25 күн бұрын тарифті төмендету туралы қабылданған шешімнің түпнұсқасын, сондай-ақ тарифті төмендету мүмкіндігін растайтын есептер мен негіздеуші құжаттарды уәкілетті органға жіберу жолымен қабылданған шешім туралы Уәкілетті органды хабардар етеді.

**3. Тарифтердің қолданыстағы кезеңінде субъектілердің барлық тұтынушыларына көрсетілетін қызметтердің тарифтерін төмендетуді енгізу тәртібі**

7. Барлық тұтынушыларға көрсетілетін қызметтердің тарифтерін төмендету айдың 1-күнінен бастап жүргізіледі.

8. Субъект тарифтерді төмендету туралы ақпаратты оны енгізгенге дейін 10 күн бұрын тұтынушылардың мәліметіне жеткізуге міндетті.

9. Егер субъект тарифтерді төмендету туралы тұтынушыларға осы Ережеде көрсетілген мерзімде хабарламаса, онда көрсетілген тарифтерді төмендету Субъектінің бұйрығында көрсетілген мерзімнен бастап енгізілмейді. Тарифтерді төмендетуді енгізу бір айдан кейін жүргізіледі.

**4. Осы Ережені бұзғандығы үшін жауапкершілік**

10. Осы Ережені бұзған Субъектілер Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жауапкершілікке тартылуы мүмкін.